



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

соответствовать требованиям времени. В некоторых случаях это может привести к неудовлетворенности, к неуверенности в себе, не пониманию сущности происходящих изменений в педагогическом пространстве и даже к стрессу. Выполняя новые, ранее не совсем знакомые педагогические функции, педагоги сталкиваются с трудностями не только в обучении, но в решении воспитательных задач. К тому же, нынешнее поколение студенческой молодежи, как отмечает И.Панченко, «это новый тип людей, более свободных, раскрепощенных, мыслящих многогранно и допускающих различные точки зрения на одну и ту же ситуацию».[3] Это меняет и акценты в воспитательной работе с ними. Возможно, они более практикоориентированные, у них другое отношение к жизненным и материальным ценностям. Их позиция жизни – не ограничивать себя в передвижениях, не строить планы на будущее, а жить «здесь и сейчас». По мнению исследователей, это объясняется тем, что они росли в период активного развития компьютерных технологий, поэтому, не случайно, живому общению предпочитают виртуальное, то есть это поколение с «цифровым сознанием». В то же время современная молодежь легко переключается на разные ситуации, без особых трудностей адаптируется к меняющимся условиям, умеет отдыхать и делать все не в ущерб своей психике.

Нынешнее время характеризуется успехами и достижениями в технологических процессах, поэтому и воспитательный процесс нацелен на то, чтобы наша студенческая молодежь стала востребованной в перспективных профессиях будущего, владела цифровыми навыками и достигла цифровой зрелости. Таким образом, трансформация образовательного процесса в целом, и использование цифровых технологий в частности, являются требованием современного времени и необходимы именно сегодняшней молодежи для развития важных и необходимых компетенций, поскольку им предстоит жить в цифровом мире.

Список литературы:

1. К.Токаев. «Центральная Евразия как новая технологическая платформа»/Форум «**Digital Bridge-2022**».- Астана, 2022.
2. Сазонов В.М. Социальные сети: Анализ – Технологии – Перспективы\ http://ntl-cbm.narod.ru/CBM-NET/net_rew.doc
3. М.Санникова. Свободные, но инфантильные индивидуалисты: чем нынешние 20-летние отличаются от поколения их родителей.- М., 2020г

ӘОЖ 37

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ТҮСІНУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Биманов Дарын
оқытушы
М.Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі
Биман Жұмакүл
№214 орта мектеп мұғалімі
Биманова Қарлығаш
№219 орта мектеп мұғалімі
Қызылорда қ., Қазақстан

Аңдатпа

Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Білім беру мазмұнында түсініктердің, іс-әрекет тәсілдерінің және жеке позицияның көрініс табуы тәжірибесінің кіріктірілуі білім алушының өзіндік іс-әрекет тәжірибесін оқытушымен бірлескен шығармашылық іс-әрекетте жүргізіледі. Бұл жерде құзыреттілік оқыту нәтижесі бола отырып, одан тікелей шықпайды, керісінше, индивидтің өзіндік дамуының, тұлғалық және іс-әрекеттік тәжірибені қорытудың салдары болып табылады.

Түйінді сөздер: жалпы адамзаттық құндылық, ұлттық сана, құзіреттілік.

Аннотация

Индивидуализация нашей страны в глобальном мире осуществляется через образованное, энергичное, духовно богатое молодое поколение. Интеграция опыта проявления понятий, способов действия и индивидуальной позиции в содержании образования осуществляется в совместной творческой деятельности обучающегося с преподавателем, который использует

опыт самостоятельной деятельности. Здесь компетентность, будучи результатом обучения, не выходит непосредственно из него, а, наоборот, является следствием собственного развития индивида, обобщения личностного и деятельностного опыта.

Ключевые слова: *общечеловеческая ценность, национальное сознание, компетентность.*

Abstract

The individualization of our country in the global world is carried out through an educated, energetic, spiritually rich young generation. The integration of the experience of the manifestation of concepts, modes of action and individual position in the content of education is carried out in the joint creative activity of the student with the teacher, who uses the experience of independent activity. Here competence, being the result of learning, does not come directly from it, but, on the contrary, is a consequence of the individual's own development, generalization of personal and activity experience.

Key words: *universal human value, national consciousness, competence.*

«Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енудің негізгі міндетті жоғары мамандандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін –өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асыру мүмкін» деген болатын Н.Назарбаев «Инновациялық білім арқылы экономикалық білімге» атты дәрісінде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім беру мазмұнында түсініктердің, іс-әрекет тәсілдерінің және жеке позицияның көрініс табуы тәжірибесінің кіріктірілуі білім алушының өзіндік іс-әрекет тәжірибесін оқытушымен бірлескен шығармашылық іс-әрекетте жүргізіледі. Бұл жерде құзыреттілік оқыту нәтижесі бола отырып, одан тікелей шықпайды, керісінше, индивидтің өзіндік дамуының, тұлғалық және іс- әрекеттік тәжірибені қорытудың салдары болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс-әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанатын, бірақ жаңа сапада. Өзін-өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік және тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет.

Білім беру нәтижесі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншісі – бұл нақты білім беру жүйесі арқылы алынатын және білім беру стандарты формасында тіркелетін нәтиженің бейнесі. Қазіргі замандағы білім беру стандарттары оқытудың белгілі бір курсың өту үстіндегі адамның тұлғалық сапасына, оның білімі мен икемділігіне қойылатын талаптарды қамтиды. Стандарттың мазмұны, әлеуметтік мәдени тәжірибенің идеалды формада сақталатынына әлбетте қол жететін көрінісі екені мәлім. Екінші тұрғыдан, білім берудің нәтижесі бұл белгілі бір білім беруші жүйеде оқытудан өткен адамның өзі. Интеллектуалды, тұлғалық, мінез-құлықтық қасиеттерінің қалыптасқан жиынтығы ретіндегі оның тәжірибесі оған кез келген жағдайда адекватты әрекет жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан білім берудің нәтижесі білімділік болып табылады, ол жалпы және кәсіптік-мазмұнды бола алады. Осылайша, мектеп түлектерінің жалпы білімділігін қалыптастырады. Кез келген жоғары оқу орнының түлегі осы негізде арнайы кәсіптік білімімен сипатталады. Адамды білімді ететін терең және жүйелі білім беру өмір ағымының ауыспалы кезеңдерінде сенімділік, бәсекеге қабілеттілік және өзінің ар-намыс сезімінің негіздерін салады.

Педагог іс-әрекеті білім саласында кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық – іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби

міндеттерін эвристикалық жолмен шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог құзыреттілігінен шешіледі.

Кәсіби оқытушы педагогының құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, педагог мамандығы зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады.

Педагогикалық әдебиеттерде құзыреттіліктің төмендегідей түрлері көрсетіледі:

- түрлі ақпарат көздерінен білімдер алу тәсілдерін меңгеруге негізделген өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік;
- азаматтық-қоғамдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік (азамат, сайлаушы, тұтынушы ролін орындау);
- әлеуметтік-еңбек іс-әрекеті саласындағы құзыреттілік (өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалай алу, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары т.б.);
- тұрмыстық саладағы құзыреттілік;
- мәдени-демалыс саласындағы құзыреттілік (бос уақытты тұлғалық сұраныстарға жауап беретін талаптарға сай ұйымдастыра алу).

Қазақстан ғалымдарының педагогикалық зерттеулеріндегі «ҚҰЗЫРЕТТІЛІК» ұғымының мәні.

Ш.Т.Мұқанбетова:

«Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес, құзыреттіліктерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Түйінді құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Негізгі құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.»

М.А.Ғалымжанова:

«Құзыреттілік-бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік.»

Н.Н.Оспанова:

«Құзырлылық – адамның әрекеттерінің тиімділігін, нәтижелігін бағалау нәтижесінде оған берілетін мінездеме деуге де болады. Құзырлылық қандай да бір анықталмағандық, белгісіздік, шарасыздық жағдайларында әрекет ете білу қабілеттілігі деп қорытындылауға болады.»

Құзыреттіліктің негізгі шарттары :

1. Әдістемелік құзыреттілік – дидактикалық әдістер мен тәсілдерді білу, оқыту процесінде білімдермен іскерліктерді меңгерту үшін қолдана білу іскерлігі.
2. Зерттеушілік құзыреттілік- оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрлымы мен мазмұны туралы жаңа білімдерді жасау.
3. Басқарушылық құзыреттілік- өз қызметімен оқушы қызметін басқару тәсілдерімен қарулану.
4. Ақпараттық құзыреттілік- қазіргі ақпараттық технологиялармен қарулану, алынған ақпаратқа сыни көзбен қарай білу.
5. Коммуникативтік құзыреттілік- ситуациялардағы қарым- қатнасты бағалай білу.
6. Білімділік құзыреттілік- өзінің кәсібилілігін үздіксіз жетілдіру қабілеті, жеке қоғамдық өмірде дамып отыру.
7. Экологиялық құзыреттілік- өзінің экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Оны пайдалана білу.
8. Тәрбиелік құзыреттілік- өзінің тәрбиелілігін ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру, ұлттық тәрбиеде кеңінен қолдану.

Педагогтың іс – әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеуге сүйене отырып. Қазіргі уақытта мұғалім мына төмендегі сипаттамаға лайық болуы тиіс екендігі атап көрсетіледі:

- Ол теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін жоғары көтеруші адам болуы;
- Коммуникативті, қоғамдық ортада беделді адам болуы;
- Өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары,кәсіптік шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытатын адам болуы;
- Белгілі педагогикалық технологияның толық әдістемесін меңгерген, ғылымның әр саласынан хабардар, жан – жақты білім болуы;
- Өзінің әрбір оқушысының ерекшелігі мен зейінін жақсы білетін қамқор, психолог болуы керек.

Бүгінде әлем қарыштай дамып, қай салада болсын ұдайы өзгерістер жүріп жатыр. Демек, әр адам үздіксіз оқып, білім алуға, өзінің кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылуы керек. Яғни, білім арқылы

адамның әлеуеті көтеріліп, экономикалық өркендеуге және әл-ауқатты арттыруға жол ашылмақ. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім берудегі дамытудың негізгі факторлары мен негізгі қағидалары ҚР білім беру жүйесі Заң бойынша білім беру ұйымдарының оқыту бағдарламалары мен әр деңгейдегі мемлекеттік білім беру стандарттары, басқару орындары мен оларға бағынышты ұйымдардың өзара байланысы негізінде құрылды. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті ретінде білім алу жеке тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптасуы ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде қарастыруға қажетті жағдай жасау көзделді. Халыққа білім беру ісі нақтылы бір жүйемен жүргізіледі. Білім беру жүйесі мынадай құрылымнан тұрады: үйелмендік тәрбие; мектеп жасына дейінгі тәрбие; жалпы орта білім; мектептен тыс тәрбие мен оқыту; кәсіптік – техникалық білім; орта арнаулы білім; жоғары білім; арнаулы білім мекемелері; жоғары оқу орнынан кейінгі білім; кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау; қосымша білім.

«Құзыреттілік» ұғымының кең таралымына қарамастан, бұл ұғымның мәні терең ғылыми талдауларды және оны негіздеуді талап етеді. Сондықтан да талдау ең алдымен, қолданыстағы ұғымның не екендігіне жауап іздеуден басталады. «Құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасалған, оларды көптеген ресейлік және шетел зерттеулерінен (И.А.Зимняя, В.И.Байденко, Н.А.Гришанова, Д.А.Махотин, О.Е.Лебедев, С.Адам, У.Клемент және тағы басқалардың еңбектерінен) көруге болады.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаның психологиялық, теориялық және практикалық дайындық сұрақтары, педагог бойындағы кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің қалыптасуы, оның беделі мен кәсіби шеберлігі, педагогикалық ойлауы, ғылыми еңбекті ұйымдастыру мен біліктілікті жоғарылату мәселелері бойынша кең түрде әдебиеттер қоры құрылды. Оларға С.И.Архангельский, Ф.Н.Гонобалин, Н.В.Кулюткин, И.Т.Огородников, А.И.Пискунов, В.А.Сластенин, А.И.Щербakov, Н.В.Кузьмина, Н.Ф.Талызина, В.В.Краевский, Н.Д.Хмель, С.Т.Каргин, А.К.Маркова, К.С.Оспанов және тағы басқалардың ғылыми еңбектерін жатқызуға болады.

Бұл зерттеу жұмыстары педагогтардың кәсіби дайындық мәселесін өңдеуге неғұрлым салмақты үлесін қосты, сонымен бірге қоғамдық және педагогикалық тәжірибенің маңызды қажеттіліктері арасындағы қайшылықты шешу мүмкіндігін береді.

Бүгінгі күнде «құзыреттілік» түсінігі тек қана негізгі педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық зерттеудің, яғни, «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» түсінігінің мәнін анықтау мәселесі психологтардың, педагогтардың, маман-практиктердің және т.б. арасындағы дау мен қайшылықтардың объектісі болып табылады.

Жаңа психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта «құзыреттілік» түсінігінің мәнін анықтау процесінде, оның құрылысы мен мазмұнын толықтыруда бірліктің жоқтығын белгілеуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда бұл түсінік біліктілік пен кәсіпқойлықтың жоғары деңгейін көрсету үшін қолданылады. Кейбір авторлар «кәсіби құзыреттілік» ұғымын түсіндіруде кәсіби іс-әрекетке дайындық түсінігімен (В.А.Сластенин, Н.Н.Лобанова, А.И.Панарин және тағы басқалар), сондай-ақ педагогикалық кәсіпқойлық (А.И.Пискунов, В.В.Косарев және тағы басқалар) түсінігімен өзара байланыстырады.

Құзыреттер олардың орындалатын саласына сәйкес анықталады. Дағдылардың негізгі дағдыларды, жалпылама дағдыларды және нақты дағдыларды бөлуге болатын бірнеше түрлері бар.

Жалпы құзыреттілік.

Жалпы құзыреттілік сонымен қатар негізгі құзыреттілік ретінде анықталады. Жалпы құзыреттілік дегеніміз кәсіптік немесе жұмыстың барлық түрлерінде пайдалы, мысалы, ұжымдық жұмыс, белсенділік, эмпатия немесе шығармашылық.

Негізгі дағдылар.

Негізгі құзыреттіліктер немесе оларды өмірлік құзыреттілік деп те атайды, бейімделу, сыйластық және төзімділік сияқты белгілі бір әлеуметтік контексте тұлғаны дұрыс енгізуге көмектеседі. Әдетте бұл жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысты.

Нақты дағдылар.

Нақты құзыреттіліктерге кәсіби салада немесе белгілі бір салада қажет біліктілік жатады.

Олардың кейбіреулері:

Еңбек құзыреттілігі: мотивация, білім және қабілет сияқты жұмыстағы өнімділік пен тиімділікті анықтайтын жұмыс немесе кәсіп шеңберінде анықталғандар.

Оқыту шеберлігі: білімді тиімді беру үшін анықталғандар. Кейбір оқыту құзыреттіліктері – бұл оқуға арналған жағдайларды ұйымдастыру және анимация, оқушының үлгерімін басқару және ата-аналарға балаларының оқуы туралы хабарлау және тарту мүмкіндігі.

Қарым-қатынас дағдылары: грамматикалық ережелерді де, лингвистика саласындағы (лексикалық, фонетикалық және семантикалық) ережелерді сақтай отырып, тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін көрсететіндер.

Ұлы ғұлама Әл – Фараби: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп атап айтты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынов А.Қ. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: Мектеп, 2007.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.
3. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, 2001.
4. <https://articlekz.com/kk/article/15978>
5. <https://melimde.com/azastan-falimdarini-pedagogikali-zertteulerindegi-ziretilik-f.html>

УДК 37

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИМИСЯ ПО ПРЕДМЕТУ «МАТЕМАТИКА» КАК ФАКТОР ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ

Богданова Татьяна Иосифовна
учитель математики
КГУ «Гимназия имени А.М.Горького
отдела образования города Костаная»
Управления образования акимата
Костанайской области
г. Костанай, Казахстан
tatiana-boghdanova@mail.ru

Аннотация

Актуальность. Статья посвящена исследовательской деятельности учащихся по предмету «математика» как фактор профориентационной деятельности учителя.

Цель. Представить опыт работы учителя математики по подготовке учащихся к конкурсам исследовательских работ и научных проектов обучающихся, как фактору выбора профессии учащимися гимназии, а также профориентационной деятельности учителя.

Ключевые слова: научные проекты, профориентация, выбор профессии, современная казахстанская школа, значение математики.

Аңдатпа

Өзектілігі. Мақала мұғалімнің кәсіптік бағдар беру іс-әрекетінің факторы ретінде «математика» пәні бойынша оқушылармен зерттеу жұмыстарына арналған.

Мақсаты. Математика мұғалімінің оқушыларды гимназия оқушыларының мамандық таңдау факторы, сондай-ақ мұғалімнің кәсіптік бағдар беру қызметі ретінде оқушылардың ғылыми жұмыстары мен ғылыми жобаларының конкурстарына дайындау бойынша жұмыс тәжірибесін ұсыну.

Түйінді сөздер: ғылыми жобалар, кәсіптік бағдар, мамандық таңдау, қазіргі қазақстандық мектеп, математиканың маңызы.

Abstract

Relevance. The article is devoted to research activities with students on the subject of «mathematics» as a factor of their future career guidance.

Goal. To present the experience of a mathematics teacher in preparing students for the contest of research and scientific projects, as a factor in choosing a future profession for a student as a guidance activity.

Key words: scientific projects, career guidance, choice of profession, modern Kazakhstan school, the meaning of mathematics.

Дитя, когда учиться станешь ты,